

№ 2006

6010к

**ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ**

**Ғұсман
Жандыбаев**

*Жүректің
жасы*





Ғұсман Жандыбаев

Жүректің жасы

*Өлендер,
балладалар,
поэма*


Алматы
“Жазушы”
2005

ББК 84 Қаз 7-5
Ж 26

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша
шығарылды*

Жандыбаев Ғ.

Ж 26 Жүректің жасы. Өлеңдер, балладалар, поэма:—
Алматы: Жазушы, 2005. — 248 бет.

ISBN 9965-701-79-2

Ғұсман Жандыбаев 1944 жылы туған. Өлеңдері алғаш рет 1962 жылы баспа жүзін көрді. Жиырмаға тарта кітап шығарды.


Жинақ ақынның әр жылдары жазылған өлеңдерінен құрастырылды. Бұл, бір жағынан, автордың шығармашылық өсу жолының ерекшеліктерін байқатса, екіншіден, талант қырының өзіндік сипаттарын да аңдатады.

Ж 4702250202—044
402(05)—05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-701-79-2

© Жандыбаев Ғ., 2005
© “Жазушы” баспасы, 2005



ЕКЕУМІЗ

Екеуміз қиын асып, қырға шықтық,
Сонда да ашылмадық сырласып түк.
Бір жүрдік, “мінсіз” жүрдік, үнсіз күлдік...
Түбіме жетер ме екен қу жасықтық!

Екеуміз гүлге асықтық, Күнге асықтық,
Сонда да арада түр бір қашықтық.
Бар еді жетпей жүрген бір қайрауым..
Жанымай қоймас мені бұл ғашықтық.

1962 ж.

АР ЖҰЛДЫЗЫ

Екеуміз Айды бақтық, Күнді іздедік,
Арымыз аялаған гүлді үзбедік.
Сен алғаш көрініп ең бір қыз болып,
Содан соң кеткендейсің жұлдызға еніп.

Сен — маған, мен де саған жұлдыз болып,
Адалдық аспанында тұрмыз қонып.
Не керек, біз екеуміз екі жақтан
Аяулы Ар жұлдызын жүрміз қорып...

1962 ж.

ҰНАТАМЫН

Мен сендердің көбінді ұнатамын,
Ару қыздар, керілген таңдай көркем.
Бір-ақ рет атады мына таңың,
Бүгін туған жұлдыз да жанбайды ертең.

Жүрек сүймей жақсыны қалай шыдар,
Ал жақсыға кенде емес жарық дүние.
Әр жұлдыздан өзгеше арай шығар,
Сонда да сен төзесің зәру күйге.

Сұлулық пен пәктікті сүйе алмасаң,
Тіршіліктің құны не?— Қара бақыр.
Жүрегіне жақсының сыя алмасаң,
Кең дүние болады заман ақыр.

Ару қыздар, биікте — біздің үміт,
Күліп қарсы ал, суытпа жылы өңіңді.
Жүздеріңді көргенде, жүз құбылып,
Жұлып бергім келеді жүрегімді.

Сендерге айтар бар менің бір тілегім:
Назданыңдар, қылықты ерке қыздар.
Бүгін Күндей шуақты күлкілерің,
Жүздеріңді шалмасын ертең ызғар.

Жүрегіне жігіттің құдайсыңдар,
Көздеріңде тылсым күш, талай сыр бар.
...Көбің маған, о қыздар, ұнайсыңдар,
Ұнатуға, ал мені, қалайсыңдар?!

1962 ж.

ЖЫР ЖЫЛУЫ

Ақпанның аязында бет қарыған
Жылынып жыр отына жүремін мен.
Ой-орман ортасынан көп табылам,
Күн нұрын жиып жапырақ-жүрегіммен.

Бұрқырап ыстық демі жыр-бөбектің,
Боранда алады ылғи бойымды орап.
Ондайда жырдың орны бір бөлек тым,
Өзіме болып тұрар ойым қонақ.

Күткендей шабытымды тамшылардан,
Бетімді ақ жаңбырға тосып тұрам.
Алдымнан жалт етсе бір аршын арман,
Бәйгеге тай жырымды қосып тынам.

Ұйқасты ой-бұрғымен маңдайға ұрып,
Жыр-кеннің ойып алам ортасынан.
Тізгінді кетем кейде шалғай бұрып,
Көктемгі көк өзендей мол тасыған.

Тұрсам деп айналама жылу шашып,
Жырыммен Күннің нұрын жинаймын мен.
Өмірге жас жүрегім ессіз ғашық,
Сондықтан тіршілікті қимаймын мен.

1962 ж.

ТАЛАНТ

Достарым, мен ежелден бір беттімін,
Көрген жоқ күлік ойды күндеп тілім.
Алдында шын таланттың бас иемін,
Мен оған міндеттімін.

Достарым, мен ежелден бір беткеймін,
Тұлпарды тасбақаға күндетпеймін.
Кім дарқан дарынымен озса дара,
Мен соны құрметтеймін.

Арымды іштарлыққа билетпеймін,
Дарынды күстаналап, күйретпеймін.
Қалқаны қас таланттың боламын да,
Наданның найзасына түйретпеймін.

Қара жер — таланттардың өз басы да,
Жұлдыздар — ыршып шыққан көз жасы ма?!
Сенемін — табиғаттың заңы барда
Таланттар есімінің тозбасына.

1962 ж.

ТРАКТОРШЫ СЫРЫ

Шыға келіп шыңдағы күмбезінен,
Күн қарайды далаға нұр көзімен.
Арманымды алысқа жетектеген
Табиғаттың айналдым бұл кезінен.

Қыдыратын қыздармен қырат-белде
Мандайымды күн ұзын бұлап терге,
Жүз тонналық салмақпен жүріп келем,
Шынжыр балақ, шойын төс трактормен.

Түрлеп келе жатырмын тұз-даланы,
Толқын-толқын артымда із қалады.
Жер-қағазға жол сызып алтын дәннен,
Сеялкашы қара көз қыз барады.

“Жүрсін,— деме,— тай мініп...”, жеңгелерім,
Темір тұяқ тұлпармен мен келемін.
Басқан ізім байлықтың көзі болса,
Қолы ашық ана ғой — жер дегенің.

Кең ашады құшағын бай, тың далам,
Ертеңі оның дәл бүгін айқын маған.
Дала — дәптер, мен жүрмін тізіп оған
Сырларымды сәулеме айтылмаған...

1962 ж.

ТІРШІЛІК

Нұрлы бір дүние — тіршілік.
Кірмеймін оған қымсынып,
Жүрмеймін жүнжіп, құр сұлық,
Шықпаймын және күрсініп.

Толқынды дария — тіршілік.
Астына кейде бір сүңгіп,
Үстіне кейде бір шығып,
Келемін қуып, қусырып.

Ну жыныс орман — тіршілік.
Тамырын жаяр бүр шығып,
Мен онда балғын бір шыбық,
Жатпаймын, құрап күр шіріп.

Үзілмес үміт — тіршілік,
Жол емес ол бір күншілік.

Жалғаймын өмір сапарын
Арайлы таңда құлшынып.

Қиындық көрсем, тұншығып,
Етпеймін оған құлшылық.
Өмірге менің өкпем жоқ,
Төбемде тұрса Күн шығып.

Нұрлы бір дүние — тіршілік.
Кірмеймін оған қымсынып,
Жүрмеймін жүдеп, құр сұлық,
Шықпаймын және күрсініп.

Нұрлы бір дүние — тіршілік...

1962 ж.

ҚЫС

Қабағын аспан жиі түйіп алып,
Мама бұлт, балбырайды иі қанып.
Кеменің желкеніндей мұнартады
Таулардың ақ жағалы иығы алып.

Түлкіше жата қалар дала сұлап,
Жортқанда бөрі боран ала шұнақ.
Далбақтап аңшы шабар шатқал жаққа,
Төңірден алғандай-ақ бала сұрап.

Ақ шәлі шаршыланып иығында,
Сес те бар тылсым көздің қиығында,
Алыстан табындырып, жылу шашып,
Ойнаған сәл жымыиыс миығында,

Жалтылдап құндыз тоны көз қарыған,
Тәкаппар, жаңылмайтын өз бабынан,
Мұнтаздай, мұздай салқын, оттай ыстық,
Қыс — әйел, мысы басып, тез бағынам.

Біледі жақсы емесін сырдаң қылық,
Омбы кешсе, балтырды кім талдырып.

Қыс кейде, қамқор ата секілді бір,
Жүретін сақтандырып, қымтандырып.

Мұзы бар мінезінің тайғанайтын,
Ұқсайды әжемізге айдан-айқын:
тыққандай екі аяқты бір етікке,
сұмпитіп алатын да... аймалайтын.

1963 ж.

САРЫ АЯЗ

Аспан қандай, дариға, мынау тұнық,
Бар әсемдік дәл қазір тұр-ау тұнып.
Сықыр-сықыр басып бір келе жатсаң,
Жалт-жұлт етіп жағаңа қырау тұрып!

Тымырсық жоқ тұратын иық басып,
Жортақтайды жаяу жел тиіп-қашып.
Сар желдіріп күреңін шал келеді,
Сары қамысты шанаға үйіп басып.

Аузымызбен ақ бурыл шүйке есеміз,
Алақанды сартта-сұрт үйкесеміз.
Қуырдақ жеп, құрт ішіп, қунаң қағып,
Аш арланға ит қосып, із кесеміз.

Тон ішіне жеп-жеңіл жылу ықтап,
Саусақ ұшын жез қамшы қуырып қап,
Шолғындап тұр шоқыда шопан жігіт,
Ақ бурылдың бүп-бұйра буын ұрттап.

Құрт кептірген қап аузын бүгін сөктік,
Қар бетіне жанардың нұрын септік.
Етіктердің жап-жалтыр табанына
Шырпы шағып тұтатып, шылым шектік.

Қадам сайын таралып ырғақ бір сән,
Хабарыңды қашыққа тыңдаттырсаң..
Сай-сүйегің балқып-ақ кетеді екен,
Сары аязда сәл сәтке мұздап тұрсаң!

1963 ж.

КУЗГІ ДАЛА

Тыныш жатыр, тыныстап бір дала бай,
Көк күмбезде билеп кетіп барады Ай,
Тауларым түр қолтығында даланың,
Анасына еркелеген баладай.

Жүрегіңе от тастайды түн — қыз боп,
Арманыңдай — аспандағы жұлдыз көп.
Бұлттан ырғып, алас ұрған анау Ай
Жүре ме екен адасып қап, Күнді іздеп?

Табиғаттың ыстық осы бір кезі,
Туған өлке — тұнып тұрған жыр көзі.
Далам менің қарағайдың басына
Жұлдыз-шамын қатар тізіп ілді өзі.

Айға жерді күзеттіріп алып Күн
Таудан асты, бірақ әлі жарық түн.
Алыстағы трактордың ақ шамын
Аспандағы жұлдыз ба деп қалыппын...

1963 ж.

ТҮНГІ ДАЛА

Ай жарық, аспан мөп-мөлдір,
Ол — менің жастық көңілім.
Тұрғандай құйып көктен нұр,
Көгілдір көктем — өмірім.

Аспан ашық, жарық Ай,
Күндізгідей атырап.
Шаша салған тарыдай,
Жұлдыздар жатыр жарқырап.

Біз үшін түн не, күндіз не,
Таппайды жүрек іркіліс.
Сыр шертіп ғажап түн бізге,
Алады далам тың тыныс.
Туғандай тұнық сезімнен,

Ойлы еді, досым, түн қандай.
Аспан жұлдыз-көзімен
сүйсіне қарап тұрғандай.

Жарқырап көкте тұр бүгін,
Ертеде туған жыр-аңыз.
Кең серпіп әлем түндігін,
Жұлдыз боп жанып тұрамыз!

1963 ж.

БАҚЫТПЕН ЖҮЗДЕСУ

Мені күткен бақыт барын сезгеймін,
Сездім екен — мен тіпті де төзбеймін.
Жер айналмай тұрып қалған тәрізді,
Мың санаймын артта қалған әр ізді.
Бәрін, бәрін жинап қойып өзге ойдың,
Жалғыз жарық ноқатты мен көздеймін:
Өтсе екен деп уақытым,
Жетсе екен деп бақытым!

Бақыт құсым қолыма кеп қонса-ақ мен,
Қорқам тіпті қоштасуға сол шақпен.
Жер жүз есе тез айналып кеткендей,
Әр аптаны бір-бір күннен көп көрмей,
Күндік жолдай артта қалған жүз қадам,
Бүгінімді ертеңімнен қызғанам:
Өтпесе деп уақытым,
Кетпесе деп бақытым!

1963 ж.

БАР СИЯҚТЫ...

Көмескі көкжиегім нұр тілейді —
Оты өрілмеген алауым бар сияқты.
Көңілімнің көк аспаны күркірейді —
Көтерілмеген жалауым бар сияқты.

Бір аптық алқымыма тіреледі —
Басылмай жүрген бір мұңым бар сияқты.

Жанарым жарық күнде түнереді —
Ашылмай жүрген бір гүлім бар сияқты.

Не керек, өзге түгіл, өзіме де
байқалмай жүрген бір сырым бар сияқты.
Ең әділ шындықтың өз көзіне де
айта алмай жүрген бір шыным бар сияқты...

1963 ж.

МЕНИҢ ЕЛІМ

Елім менің, бастан бәрін кешірген,
Жағаласып өскен бабам жанжалмен.
Сәбилердің кіндіктері кесілген
Таспенен де, жаспенен де, қанжармен.

Тау теңселген босқан елдің зарымен,
Күн жылаған, тұнжыраған айлы аспан.
Кәрі далам ата-баба қанымен,
Сүйегімен бірге бітіп қайнасқан.

Менің елім не кешпеді басынан,
Күрсінгенде — дауыл соқты аңырап.
Ата қолдап, атқа қонды жас ұлан,
Иті шулап, иесіз мал маңырап.

Тағдырының талқысын аз көрмепті,
Құмалақтай быт-шыт болып тозғанша.
Менің елім сонда дағы ел бопты,
Екпінінен дауыл тұрып — қозғалса.

Бабам бәрін бастан кешкен... Ақыры
ынтымақтан артық бақыт таппаған.
Содан болар, ақыны мен батыры
Елдік рухын ер антындай сақтаған.

Сол ғұрыпты жақын құптап, жат ұқты,
Үзілмеген ұйытқысындай тірліктің.
Ұлы елімнің ұрпақтары бақытты —
Ауызданған уызымен бірліктің.

1963 ж.

МЕНИҢ ӘЖЕМ

Қараша үй жыртығынан қадап тілін,
Тұрғанда мазасыз жел отпен ойнап,
Шағындау шаңырақтан тарап бір үн,
Кетіпті кең далада көкке бойлап.

Тар үйдің керегесін үні керіп,
Кобейтіп кемпір-шалдың аз ермегін,
Есігін жүрегімен ұрып еніп,
Келіпті өмір-үйге әжем менің.

Алысқа сәби ойды серметтік-ау,
Асыға күтуменен жаз ермегін.
Желбіреп қос тұлымың сен де өттің-ау,
О, әзіз әжем менің!

Оңаша кесте тігіп қыз отырса,
Шытқа орап махаббаттың наз өрнегін,
Мөлдір көз он үшінде ұзатылса,
Келеді көз алдыма әжем менің.

Тұнғышын жас келіншек көп толғатып,
Көтеріп отырыпты-ау әрең белін.
Балалық! Қолдан шығып кетті ол бақыт —
Ең алғаш ана атанды әжем менің.

...Шүйкедей қара кемпір әжім жүзді,
Бетіне салған уақыт әр өрнегін.
Еңсеріп қалған тіпті қазір жүзді,
Бала қыз бір кездегі — әжем менің.

Жас дәурен — көріге де, балаға арман,
Қызығы өте шығар келте жаздай.
Үй емес, бір ауылға ана болған —
Әжеміз енді бізге ерке қыздай.

О, менің әзіз әжем қасиетті,
Сонау бір есінде ме тұлымды қыз?
Соқпақ жол... Содан бері ғасыр өтті,
Қайда екен мөлдір көз бен бұрынғы жүз?

О, тағдыр, қатал еді уақыт неткен,
Ақ шаш боп самайыңда қалыпты-ау мұн.
Денесі қарт әжемнің қатып-кепкен —
Орнындай шөгіп қалған алып таудың.

1963 ж.

ӘЖІМДЕР

Көп болған тар жол, тайғақ кешулерің,
Халқым-ау, ұмытылмас шеккен бейнет.
Тең бе еді жану менен өшулерің..
Мен оны айтпай қойман, “өткен ғой” деп.

Аз демен аһ ұрысың, өкінішің,
Айырылған, бергенің көп — алғаныңнан.
Келеді шемен сыр ғып тоқып ішің..
Халқым-ау, шықтың ба бір арманыңнан?

Халқым-ау, дей алмаймын азабын кем,
Менде жоқ жасырын ой, жалтарыс үн.
Бабалар бетіндегі әр әжімнен
көремін тағдырдың сан қалтарысын.

Көлдерің сиретіпті қоңыр қазын,
Сол көлге қандай жауыз құяды уын..
Атамның бетіндегі терең әжім —
ізіндеі уақыт-тұлпар тұяғының.

Суарған қан-терімен ар шынарын
Қасқайып Қаратаудың жартасындай,
Әжемнің бетіндегі сансыз әжім —
Бабалар тарихының картасындай.

Көремін әр әжімнен уақыт азабын —
Ұрпақтар мойнындағы мол парызды.
...Қарттарым бетіндегі қатпар әжім —
Даламды айшықтаған жол тәрізді.

1963 ж.

ОЙСЫЗ ҚАЛЫП ОҢАША

Мазасыз ойдан кейде аулақтанып,
Қадалып қарсы алдыма қалам қарап.
Жанарым жалынына тау қақталып,
Көзіме кеңістікті алам қамап.

Ойсызбын. Мен мылқаумын. Тас кереңмін.
Қосылам кеңістікке қос жанармен.
Мен жоқпын. Патшасымын басқа әлемнің.
Ойсызбын. Ойға батсам — бос қалам мен.

Мен жоқпын. Ақ әлем бар жалғыз ғана.
Сол ғана ақтық сөзін арнайды енді.
Жабысып малта тасқа жалбыз-бала
Өлі мен тірі арасын жалғай берді...

Жансызбын. Меңіреумін. Көз майымды
тауысам. Күш түседі бойға батпан.
Мен тіпті аңғармаймын өз жайымды
Бұл жұмбақ әлем жайды ойға батқан.

Санамның саусақтары аршып мені
Алғанда қалың ойдың батпанынан,
Толқындай жағаға ұрған шапшып кері,
Өзіме өзге әлемнен ақтарылам...

1963 ж.

ЖАСЫЛ НҰР

Сезімі мың бояудың қоспасындай,
Төзімі шойын есік топсасындай.
Қарымы көкке сіңген қайран жастық,
Арыны ағытылған тоспа судай.

Нәзіксің — оңтүстіктің гүліндейсің,
Қайсарсың — солтүстіктің мүгіндейсің.
Өткірсің — өрттің қызыл тіліндейсің,
Елтісің — қыл үстінде бүгілмейсің.

Сан қырлы граниттің жігіндейсің,
Ән-жырлы сыбызғының үніндейсің.

Шебер қол шертіп өткен домбыраның,
секілді қос ішегі — дірілдейсің.

Жастық шақ, жанарың-ай от лаулаған,
Көзіндей жас қыранның шоққа аунаған.
Ханға да, қараға да екі келмес
Армандай алтын дәурен жетті-ау маған!

О, жастық, айналайын, алаулы шақ,
Өзіңнен айырылмас ем, тар-ау құшақ.
Жалтылдап тұрарсың сен бар жанарда,
Мереке күні ілінген жалауға ұқсап!

1964 ж.

БІЗДІҢ ЖАСТЫҚ

Жастық шақ — көк жейделі көктем ғой бұл.
Жеп-жеңіл қанат қаққан көптенгі ой бір.
Рақатқа белшемізден малшынамыз,
Селдетіп аппақ жаңбыр сепкендей нұр.

Ауырға арқа тостық сан алмасып,
Жүрмедік салқын күліп, сараң басып.
Өрлік пен сұлулықтың белгісіндей —
О, жастық, күллі дүние саған ғашық!

Өзіңнің шуағыңнан жаратылдық,
Мәңгілік өміріңе ара тұрдық.
Болашақ ғарышына сапар шектің,
Өміршең жүректерді қанатың ғып.

Болдық та туған жерге ырыс, байлық,
Ауадай — кең дүниеге тыныс жайдық.
Шындадық шындықтың ақ алмасымен,
Балауса төзімдерді құрыштай ғып.

Біз күлсек — күллі адам күлсін дедік,
Дүние мәңгі жас боп тұрсын дедік.
Сондықтан кең әлемнің кеудесінде
Өміршең жүрек болып дүрсілдедік.

О, өмір сан өріңді асып өттік,
Өлшеусіз құшағыңа асыл ектік.

Бүкпесіз арымызбен, барымызбен,
Қып-қысқа күндерінді ғасыр еттік.

Тозімі төс темірдей мықты-ақ едік,
Иықты көргеміз жоқ ыққа беріп.
Тудық біз ту ұстар боп, тұрдық тағы
Туған жер тұғырына тұтқа болып.

Өрледік қырда түлеп, құмда түлеп,
Көрмедік жанарларды мұңға тіреп.
Адамға жастық шақты қиғаныңа
О, өмір, мың рақмет, мың рақмет!

Жүрдік те жанарларды шыңға тіреп,
Кірдік те ауыр-ауыр сынға тілеп.
Өмірге өр күшіңмен сыйғаныңа,
О, жастық, мың рақмет, мың рақмет!

1964 ж.

ДАЛА СЫРЫ

Тау иықты, Күн көзді ен даламын,
Адам, сенің ұлы анаң мен боламын.
Мен бар жерде — сен барсың, осыны ұқсаң,
Бақыт сыйлап, жолыңды оңғарамын.

Менің байтақ кеңдігім пана болып,
Құрсағымнан тіршілік тарады өріп.
...Аяғымнан басыма, басқа түгіл,
Күн де өрең жетеді ара қонып.

1964 ж.

ДАЛА СЫЙЫ

Үстінен толастамас толған лек,
Даланың айқыш-ұйқыш жолдары көп —
Ырыздық үлестіріп жатады ылғи
Табиғат әжеміздің қолдары боп.

Тұратын әр күн сайын қайталанып,
Даламның күдіретін айтам анық:
Таңертең күндік азық ала барып,
Кешінде жылдық азық қайтам алып!

1964 ж.

ДАЛА ДАУСЫ

Құрғанда шымылдығын таң шығысқа,
Әсем бір сазға басар әнші құс та.
Ертемен айқайлатып қыр гудогын,
Балғаның салмағымен балқыр ұста.

...Далаға ұқсар адам бар ісімен:
Әндетіп жүре қалсам тау ішімен —
Тұрғандай боламын мен айқай салып,
Даланың дауыл қанат дауысымен.

1964 ж.

* * *

Ғажапсың-ау, қасиетті паң өлкем,
Ұлы далам, атамекен, ар өлкем.
Бақыт деген осы екен ғой деп қалам,
Аман-есен сені көрсем таңертең.

Таңсәріде кірпіктерін қақса Күн,
Алтын шықтан бу ұшады — ақ сағым.
Егіз екен ұлылық пен кішіктік,
Жанарыма сыйып кеттің шап-шағын.

Біреулерді ойландырмас ол да аса,
Өзіңе тән дарқан мінез қонбаса.
Ұлылықты сезе алу да мүмкін бе,
Миллион есе кішіктігі болмаса?!

Сақта мені саған кінә тағудан,
Сақта мені бөгде мінез дарудан.
Жанарыма сыйған дүние, мен саған
Құйттай болып, өзім сыймай қалудан.

1964 ж.

* * *

Жасың сонша — қанша болса белесің,
Көк-тәңірімен қатар жасап келесің.
Қатпарына қалың сырды жасырып,
Қарауытқан тауларыңдай көнесің.

Қойнауларың, ойлы аңғарың жасарсын,
Күздарыңнан құтты өзендер бас алсын.
Қатқыл жүзді қайсарым-ау, кейде сен
Мәңгі мүз бен қарларыңдай қасаңсын.

Біз сезбеген жұпарыңды шашарсың.
Біз көрмеген гүлдеріңді ашарсың.
Жас отаудай жасаулым-ау, бейне сен
Жазғы бақша-бауларыңдай жасаңсын.

1964 ж.

ГҮЛДЕР

Гүлдер, гүлдер, әсем қандай, пәк қандай,
Жаңа жауған ұлпа мамық ақ қардай.
Таудың гүлі — таңның нұры, бейне бір
Дала төсін кілем болып жапқандай.

Дала шексіз, гүлдер сансыз, гүл алуан,
Гүлді өңір — нұр жамылған ну орман.
Әрбір шоқ гүл — жерде жанған бір жұлдыз,
Әрбір шоқ гүл — ардай таза бір арман.

Жердің нәрін, көктен — шуақ нұрды еміп,
Өз өлкемде өсем ылғи гүл болып.
Кобелектей гүл шырынын жинайтын,
Кеудеме бір жыр құсы кеп жүр қонып!

1964 ж.

ДАЛА КҮЗІ

Көктемгі соқа салған із көнеріп,
Алтын дән дариясына тұз бөленіп,
Алмақ боп сол дарияға шөл қандырып,
Күліп тұр Күн астынан күз де келіп.

Қолында күз-ананың ырыс-табақ,
Жүзінен мейірімді жылу тарап,
Базарлық үлестіріп жүреді ылғи,
Комбайн бункерімен уыстап ап.

Тоқ күздің келбетіне дала құштар,
Даланың тамырында — қан ағыс бар..

Туған жер аспанында мың айналып,
Жүз рет қоштасады бала құстар.

Табиғат сақилығын түзге беріп,
Дән-толқын соқа салған ізбен өріп,
Қырманды табақ етіп буға бөккен,
Сыйлап жүр аппақ нанмен күз де келіп.

1964 ж.

ҚАДІР

Ащы дәмін аштықтың татпағандар
Ішер асын итінен аямас-ты.
Жамбасына жалғыз қыл батпағандар
Тышқанша өлер қор болып аяқ асты.

Ренжітсек те кей досты оқыс жерде,
Жамандыққа жолдасты қия алмадық.
Тірісінде ат кекілін кесіскенге —
Өлгенінде көз жасын тыя алмадық.

Бұл өмірден өтеді кім өкінбей,
Бардың құнын — жоғында білуі шын.
...Көбіне адам төменде жүретіндей,
Биіктіктің қадірін ұғу үшін.

1964 ж.

* * *

Бұл өмір қымбат қой шынында,
Өтінем, өлімді атама!
Өлгісі келмейді шыбын да,
Өлгісі келмейді бақа да.

Ойнауға тым әуес өмірмен,
Жандар бар еті өскен көзінің.
Өзгенің көз жасын көрумен —
Бақытын өлшейтін өзінің.

Өзімшіл көңілдің үйренген
Күпісін тастамай сүйрейді.
Ондай жан өмірді сүйгенмен,
Оны өмір сүймейді, сүймейді!

1964 ж.

АР

Әділдік озса белсене,
Қақпадым бетін қайтарып.
Өтірік айтқым келсе де,
Көргем жоқ әлі айта алып.

Арамдық кейде арды аңдып,
Сүрінер сәтін барлайды.
Ішімде бұққан жалғандық
Тісімнен шыға алмайды.

Шындықпен шыныққандарды
Қапысыз, достар, таныңдар.
Басқаны шын ұққандарды
Басқа шын ұқпай қалу бар.

Түйсе де қабақ реніштен,
Жұмбайды көзін Ар қалғып.
Оралса шындық жеңіспен,
Аңдиды жолын жалғандық.

Ақиқат шықса майданға,
Мен де бір — соның сарбазы.
Табады іздеп қайдан да,
Ақ-адал іске — Ар қазы.

1964 ж.

* * *

Төбеден төнген кезде мөлдіреп Ай,
Сусылдап жерге ұшады мол бір арай.
Арудың жолын тосқан жас жігіттің
Көңілі күмбірлейді домбырадай.

Жүп-жұмсақ саусағымен мың шырақтың
Сезімді қытықтайды шымшылап түн.
Шорланған шойын көңіл шоқ боп балқыр,
Үніне құлақ түрсең жыршы бақтың.

Қыратта шегірткелер шыр-шыр еткен,
Орман түр ұйқылы-оюу сыңсып еппен.
Етегін ақ көйлектің дөңгелентіп,
Жігіттер қызды үйірет бұлшық етпен.